

Мектептегі психологиялық қызметтің жылдық есебі

Білім беру жүйесінде психологиялық қызмет жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар деп аталатын 3 категорияны қамти отырып, психологиялық қызмет оқу тәрбие үрдісін жақсартуға үлес қосады.

Психологиялық қызметтің мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік жасау, бала жанын ұғыну.

Психологиялық қызметтің міндеті:

- ✓ Әр баланың толық психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық ахуал туғызу.
- ✓ Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың арасындағы өзара қарым – қатынас стилін реттеу.
- ✓ Әлеуметтік және жеке даралық жетістіктерге жол ашу.
- ✓ Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда таным үрдістерінің дамуына жол ашу.
- ✓ Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға үйретуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарының негізін қалау.

Психологиялық қызметтің бағыттары:

1. Психологиялық диагностика
2. Психологиялық алдын алу
3. Психологиялық түзету, дамыту
4. Психологиялық ағарту
5. Психологиялық кеңес беру

Мектептегі психологиялық қызмет оқу жылының басында жылдық жоспар құрудан басталады.

Мектептегі психолог кабинеті оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен кеңес беру, әңгімелесу, диагностикалық, түзету бағыттарын қамтитын жеке психологиялық жұмыстарды және психологтың өздігінен жұмыс жүргізуіне қолданылады. Оқушылармен жеке кездесулер барысында әңгіме, кеңес беру, диагностикалық жұмыстар, түзету жұмыстары жүргізіледі. Диагностикалық жұмыс нәтижелерін өңдеу, өзіндік білімді жетілдіру, құжаттармен жұмыс жүргізу мақсатында психологтың жеке жұмыстары атқарылады.

р/с	Жұмыс түрлері	Мерзімі, нысаналы топ	фото, сілтемелер, анықтама
	Психологиялық диагностика		
1	Сыныптардағы аутодеструктивті мінез – құлық танытатын оқушыларды анықтау ДАП-П сұрақнамасы Бек шкаласы (қобалжу деңгейін анықтау) Зунг шкаласы (депрессия деңгейін анықтау)	Қыркүйек Қараша Наурыз	9-11 сынып оқушыларының арасында аутодеструктивті мінез – құлықты анықтауға арналған «ДАП-П» диагностикалық сұрақнамасы жүргізілді, мақсаты: оқушылар бойындағы аддиктивті бейімділік, делинквентті (қылмысқа) бейімділік және өз-өзіне қол жұмсауға бейімділікті анықтау. Нәтижесінде: мектеп бойынша 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып нәтижесі шығарылды, жалпы 53 оқушы қатысып, оқушылар арасында девиантты мінез-құлық деңгейі бар, аутодеструктивті мінез-құлық анықталған жоқ.

			6-8 сынып оқушыларымен жүргізілген Зунг шкаласы (Т.И.Балашова бойынша) жүргізілді. 6-8 сынып оқушылары арасында Зунг депрессия шкаласы (Т.И.Балашова бойынша) жүргізілген тестіне 87 оқушы қатысты. Тесттің қорытындысы бойынша 87 оқушының депрессиялық деңгей 50 балға жеткен жоқ, барлық қатысқан оқушыларда депрессиясыз күй 100% анықталды.
2	Мектептегі «Сенім жәшігін», «Сенім телефонын» ұйымдастыру жұмыстары	Жыл бойы	Мектеп психологының психологиялық қолдау көрсету мақсатында келеңсіз жағдайлардың алдын алу негізінде мектепте «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыстары іске асырылуда. Мектеп психологының өз ұялы телефондары визит карточка ретінде таратылды, оқушылармен байланыс орнатуға қол жетімді болу үшін аймақтық байланыс операторлар нөмірлері беллайн және теле2 нөмірлері визит карточкаларға жазылды. Биылғы оқу жылында оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді, ал аталған тақырып бойынша ешқандай қоңырау түскен жоқ. Жауапты ретінде мектеп психологы А.Абдуит сенім жәшігі мен сенім телефоны жайлы оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырады.
3	1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау Керн - Йирасек әдістемесі 1-сыныптар	Қыркүйек	1 сыныпқа келген оқушылардың мектепке бейімділігін анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларымен «Керн-Иерассик» тесті алынды, тесттің мақсаты: оқушылардың мектепке даярлығы мен бейімділігін анықтау. Бұл тесттің нәтижесі бойынша: 1 «а, ә» сынып бойынша – 31 оқушы қатысып, оның ішінде 3-6 балл жинаған 25-оқушы жоғары көрсеткіш; 7-11 балл жинаған – 6 оқушы орта көрсеткіш көрсетті. Сынып оқушыларының жалпы мектепке дайындық деңгейі жақсы. Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде; сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет ететін оқушылар анықталған жоқ. Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде; сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет ететін оқушылар анықталған жоқ.
4	Оқушылардың кәсіби – бағыт-бағдарын анықтау Сауалнама	10 сыныптар Қыркүйек	Оқушылар бейімділіктерінің кәсіби диагностикасы бойынша сауалнама жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың бағыт бағдарын анықтау. Сауалнамаға 10 сынып оқушылары қатысып, оқушылардың жаратылыстану-математикалық, қоғамдық – гуманитарлық бағыттары анықталынды. 2) 11сынып оқушыларымен «Менің таңдаған мамандығым» сауалнамасы жүргізілді. Мақсаты: мектеп түлектерінің қай салаға қызығушылықтарын анықтау. Сауалнамаға 18 оқушы қатысты, сауалнама қорытындысы бойынша мектеп түлектері мамандықтарын таңдап, мамандыққа қажетті ақпараттармен танысып, бейіндік таңдау пәндерінде анықтап қойған. ҰБТ қатысатын 18 оқушы, қазіргі таңда білімдерін шыңдау мақсатында арнайы қосымша

			пәндерге қатысуда. Мамандық таңдауда қателеспеу керектігін және осы таңдаған мамандықтарын өзгертпейтіндіктерін сауалнама барысында нақты көрсетті.
5	Құқық бұзушылық, қысым көрсету, бопсалау, буллингтің алдын алу Сауалнама	7-11 сыныптар Қыркүйек	Құқық бұзушылықтың алдын-алу барысында оқушылардан «Бопсалау дегеніміз не?» қалай түсінетінін, жоғарғы сыныптардан әлімжеттік, жәбір көріп жүргенін білу, анықтау жұмыстары, «Буллинг, кибербуллингтің алдын алу», кәмелетке жасы толмаған 7 -11 сынып оқушылары арасында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық, қысым көрсетушілік, нашакорлық пен зиянды заттарға тәуелділіктің алдын-алу шаралары», сауалнамалары алынып оқушылардың құқықтық білімдерін анықталды. 
6	Темперамен және мамандық Тест	9-11 сыныптар	11 сынып оқушыларымен «Темперамент және мамандық» атты сауалнама жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың темперамент типін анықтау және темперамент типіне қарай қандай мамандыққа бейім екендігін анықтау. Нәтижесінде: сауалнамаға 18 оқушы қатысып, оқушылардың темперамент типтері мен темперамент типіне қарай мамандыққа бейім екендігі анықталды. Оқушылармен жүргізілген сауалнама негізінде оқушылардың белгілі бір сұрақтарға жауап беруіне байланысты оқушылардың интроверт, амбиверт немесе экстрроверт яғни қаншалықты ашықтық деңгейде екендігі анықталынды. Белгілі бір сұрақтар негізінде оқушылардың тұрақтылық деңгейі анықталды. Оқушылардың әр бағыт бойынша жинаған ұпайлары бойынша тұжырымдамалармен таныстырылды. Оқушылардың ашықтық, тұрақтылық шкалалар бойынша жинаған ұпай сандары қосылып, Көлденең (горизонтальды) өске «Экстраверсия» шкаласының бал қосындысы, ал тік (вертикальды) өске тұрақтылық «Стабильность» шкаласының бал қосындысы жазылды. 4 темперамент типтері мен мамандықтары анықталды: Меланхолик – 2, мелонхолик темпераментінің мамандықтары: педагог, суретші, тігінші- модельер, бояушы, сазгер, жазушы, мал дәрігері, геолог, агроном, зоотехник, есепші, радиомеханик т.б. мамандықтар. Холерик – 5, холерик темпераментінің мамандықтары: әртіс, дипломат, журналист, кәсіпкер, хирург, ұшқыш, диспечер, жүргізуші, тренер, менеджер, құрылысшы, режиссер, аспазшы, геолог, электрик т.б. мамандықтар

			жарасады. Флегматик – 4, флегматик темпераментінің мамандықтары: зерттеуші, ғалымның мамандық сапалары. Олар механик, электрик, инженер, агроном, жүргізуші, ғылыми- ботаник, астроном, физик, математик т.б. Сангвиник – 7, сангвиник темпераментінің мамандықтары: менеджер, мұғалім, дәрігер, психолог, тәрбиеші, ұйымдастырушы, сатушы, инженер- технолог т.б. мамандықтарды иелене алады. Қорытынды: Әр адамда холериктен, сангвиниктен, флегматиктен және меланхоликтен типтері кездеседі, бастысы соны біліп, әрекет жасау қажет, жағдайға қарай іс- әрекеттің тиімді моделін таңдап, табиғи мінез-құлыққа бой алдырмай, оларды дамытып, ұштау керек. Темпераменттердің ерекшеліктерін мамандық таңдағанда ескерген жөн. 
7	Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау «Айзенк» тесті	9 сынып Қазан	Мақсаты: оқушылар бойындағы қобалжу, фрустрация, агрессия және ригидтілік деңгейлерін анықтау Жүргізілуі: әр оқушыға жеке бланктар таратылды, әр сұраққа 1 жауапты ғана таңдап, белгілейді. Нәтижесінде: 9 сынып оқушыларынан тест алынып, нәтижесі шығарылды, тест жалпы 20 оқушыдан алынды. Нәтижелерді өңдеу барысында кілтпен сәйкес келген 1 және 2 жауаптар саны анықталады. Кілтпен сәйкес келген 2 жауабы үшін 2 ұпай беріледі, 1 жауабы үшін –1 ұпай беріледі. Содан кейін әр шкала бойынша қосынды шығарылады. Әрбір шкала бойынша орташа ұпай -10. Одан жоғары болуы тұлға құрылымында сол қасиеттің басымдылығын көрсетеді. Қорытынды: тестке қатысқан 9 сынып оқушылары арасында қобалжу, фрустрация, агрессия, ригидтілік деңгейлері анықталған жоқ. Жалпы оқушылар бойында мазасыздық деңгейі анықталған жоқ.
8	Көктем мезгілінің сәуір айының 03 – 14 күндері аралығында «Психология ғажайып әлем» тақырыбында онкүндік іс шара өткізілді.	Қосымша жоспар бойынша іс-шаралар 2-11 сыныптар Сәуір	Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын нығайтуға бағытталған онкүндік іс – шаралар өткізілді. Мектебімізде осы мәселеге байлынысты онкүндік іс шаралары жоспары құрылып, бекітілді.

			03 сәуір күні 8-9 сынып оқушылары және жас мамандармен «Сенің көңіл күйің қандай?» тақырыбында диагностикалық жұмыс жүргізілді, әдістемеге 49 оқушы қатысты. Мақсаты: адамның дәл қазіргі психологиялық-эмоциялық жағдайын, өзіндік көңіл-күйін анықтау. Жалпы әдістемеге қатысқан оқушылардың өзіндік бағалаулары жақсы, таңдаған бағыттары, психологиялық ахуалдары жақсы, эмоционалдық жағдайлары тұрақты. 7 - 8 сынып оқушыларымен 04 сәуір күні «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» Күлкі мен қуаныштың емдік қасиеттері тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді. 5 – 6 сынып оқушыларымен 05 сәуір «Кікілжің дегеніміз не?» тақырыбында суретшілер сайысы өткізді. 09-11 сынып оқушыларының ата аналарымен 6 – 7 сәуір күні «Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу» тақырыбында ата аналарға психологиялық тренинг жүргізілді. 10 сәуір күні 9-10-11 сынып оқушыларымен «Ұлттық тәлім тәрбиені насихаттай берейік» тақырыбында коучинг өткізілді, қатысқан оқушы саны: 53. Жауапты: ДТІЖО: К.Ахметов Мектеп психологы А. Абдуаит Мақсаты: оқушылардың өмірге деген құлшынысын ояту, өмірге деген көзқарасын білу. Коучинг соңында оқушылармен «Тілек шамы», «Жан жылуы» тренингтік жаттығуы жүргізілді. Оқушылармен жүргізілген коучинг өз деңгейіне өткізілді. 11 сәуір күні 2-5 сынып оқушылары арасында «Біздің мектеп» тақырыбында коллаж жасау, «Сезімнің ғажайып әлемі» тақырыбында оқушыларға ойын жаттығулары өткізілді. 12 сәуір күні 1-4 сынып оқушыларымен «Толағай» спорттық сайыс өткізілді. Жалпы қатысқан оқушы саны: 118оқушы 13 сәуір күні 11 сынып оқушыларымен ҰБТға психологиялық дайындық барысында «Қалай нәтижелі болуға болады» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. 14 сәуір күні мектеп оқушыларының қатысуымен «Бәрі де бақытты өмір үшін» тақырыбында онкүндікті қорытындылау мақсатында мектепшілік гала концерт өткізілді.
--	--	--	--

			
9	«Зорлық зомбылық туралы мен не білемін?» Сауалнама	7-11 сынып оқушылары Қараша	7-11 сынып оқушылары арасында «Зорлық зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында алынған жасырын сауалнама алынды. Қатысқандар: 7-11 сынып оқушылары Жалпы қатысқан оқушы саны: 113 Мақсаты: балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу және оқушылармен жасырын түрде жүргізу Қорытынды: оқушылардың зорлық – зомбылық туралы ой қалыптасқан, отбасында ешқандай тұрмыстық зорлыққа душар болмаған, егер зорлыққа кенеттен душар болса кімнен көмек сұрау керектігін біледі, баланың құқықтарының қорғайтын заңдардың бар екендігін біледі. Жассырын сауалнамаға қатысқан 113 оқушы арасында зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке тап болған оқушы анықталған жоқ. 
10	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін дамыту әдістемесі	1-4 сыныптар Желтоқсан	4 «а, ә» сыныбында жүргізілген «Артығын тап», «Сөздерді құрастыр, топта», зейіннің тұрақтылығы, пішіндерді аяқта, сөзді аяқта, есте сақтау жаттығулары жүргізілді. Жаттығулар оқушылардың таным процесстерін анықтау мақсатында жүргізілді. Оқушылардың таным процесстеріне байланысты жүргізілген тесттік жаттығулар жеке жеке жүргізіліп нәтижелері шығарылды. Жалпы оқушылардың есте сақтауы жақсы, зейіндері шоғырланған, сөздерді қосып, ажырата алады, қабылдау дәлдігі дұрыс қалыптасқан, ой жылдамдығының дамуы қалыпты. Сыныпта 6 оқушының таным процесстерінде ауытқушылық болмағанымен қабылдауы баяу, жазуда қиналады, есте сақтауы орта, зейіні шоғырланбаған. Жалпы оқушылардың есте сақтауы жақсы, зейіндері шоғырланған, сөздерді

			қосып, ажырата алады, қабылдау дәлдігі дұрыс қалыптасқан, ой жылдамдығының дамуы қалыпты. Логикалық ойлаулары жылдам, тез ойлана алады шығарылды. 																											
11	Мен және менің отбасым” суретті тест «Отбасылық қобалжуды анықтау» әдістемесі	Мектепшілік есептегі оқушылар Желтоқсан	Мектепшілік есепте тұрған 3 оқушылардың салған суреттеріне байланысты, отбасыларынан оқушыларға қолдау мен түсінушілік қажет екендігі айқындалды. Балаларға отбасы жылулығы мен мейірімділігі қажет. Жалпы алғанда оқушылардың отбасындағы қамқорлық пен мейірімділікке аса қажеттігі туындайды																											
13	«Тұлғаның күйзеліске өзіндік тұрақтылығын бағалау» Әдістеме	9-11 сыныптар Қаңтар	Мақсаты: Қоршаған ортадағы барлық жағымсыз факторлар жеке тұлғаны жүйкелік шаршау күйлеріне әкеліп, күйзеліс туындатады. Ұсынылып отырған тест сіздің күйзеліске тұрақтылық деңгейіңізді анықтауға көмектеседі. Барысы: Сұрақтарға шынайы жауап беріңіз, толық жауаптардың өзіңізге сәйкес келетін нұсқасын тандап, белгілейсіз. 18 сұрақтан тұратын тестке „ешқашан“, „кейде“, „көбінесе“ деген жауаптар арқылы жауап берді. Нәтижесінде: 53 оқушы қатысып, ұпай санын есептеліп, өздерінің күйзеліске тұрақтылық деңгейіңізді кестеге сәйкес анықтады <table><tr><th>Ұпай саны</th><th>Күйзеліске тұрақтылық деңгейі</th><th>Оқушылардың жауаптары</th></tr><tr><td>51 – 54</td><td>1- өте төмен</td><td></td></tr><tr><td>53 – 50</td><td>2- төмен</td><td></td></tr><tr><td>49 – 46</td><td>3- орташадан төмен</td><td></td></tr><tr><td>45 – 42</td><td>4- орташадан сәл төмен</td><td></td></tr><tr><td>41 – 38</td><td>5- орташа</td><td>4 оқушы</td></tr><tr><td>37 – 34</td><td>6- орташадан сәл жоғары</td><td>7 оқушы</td></tr><tr><td>33 – 30</td><td>7- орташадан жоғары</td><td>4 оқушы</td></tr><tr><td>29 – 26</td><td>8- жоғары</td><td>9 оқушы</td></tr></table>	Ұпай саны	Күйзеліске тұрақтылық деңгейі	Оқушылардың жауаптары	51 – 54	1- өте төмен		53 – 50	2- төмен		49 – 46	3- орташадан төмен		45 – 42	4- орташадан сәл төмен		41 – 38	5- орташа	4 оқушы	37 – 34	6- орташадан сәл жоғары	7 оқушы	33 – 30	7- орташадан жоғары	4 оқушы	29 – 26	8- жоғары	9 оқушы
Ұпай саны	Күйзеліске тұрақтылық деңгейі	Оқушылардың жауаптары																												
51 – 54	1- өте төмен																													
53 – 50	2- төмен																													
49 – 46	3- орташадан төмен																													
45 – 42	4- орташадан сәл төмен																													
41 – 38	5- орташа	4 оқушы																												
37 – 34	6- орташадан сәл жоғары	7 оқушы																												
33 – 30	7- орташадан жоғары	4 оқушы																												
29 – 26	8- жоғары	9 оқушы																												

			25 – 18	9- өте жоғары	
			Оқушылардың күйзеліске тұрақтылығы жалпы сынып бойынша орташадан жоғары деп есептеуге болады. Күйзеліске түскен оқушылар анықталған жоқ		
14	Агрессия деңгейін анықтау «Бек шкаласы» Мінез –құлықты анықтау Шмишек тесті «Өзін-өзі бағалау» деңгейі Тест	Есепте тұрған оқушылар Қаңтар Ақпан	Оқушылармен Өзіндік бағалау «Айзенк» тесті жүргізілді. Тест нәтижесі бойынша–Касапиев И, Тутадзе З. төменгі алаңдаушылық Фрустрация бойынша – 0-7 балл жинаған Касапчиев И, Тутадзе З. қорқыныш деңгейі жоқ, өзіндік бағалауы жоғары, сәтсіздіктерге төзімді. Агрессия бойынша 0-7 балл жинаған Касапчиев И- сіз тыныш және өздерін ұстай алатын оқушы. 7-11 балл жинаған Тутадзе З агрессия деңгейі орташа. Регидность – қаттылық бойынша Касапчиев И, Тутадзе З. 0-7 балл жинаған қаттылық жоқ, жеңіл ауысатын оқушылар Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың үрей (қобалжу) деңгейін анықтау мақсатында «Филлипс» тесті жүргізілді. қобалжу (үрей) анықтау тесті бойынша қатысқан оқушылардың мазасыздық деңгейі әр факторға байланысты шығарылды. Жүргізілген тест бойынша оқушылар бойында үрей қобалжу деңгейі қалыпты жағдайда болып есептелінеді		
15	4 – сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын анықтау «Мен бесінші сыныпқа көшемін»	Анкета, әңгіме Наурыз	Мақсаты: 4 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буынан орта буынға көшуге бейімделуін бағалау. Әр оқушыдан «Мен бесінші сыныпқа көшемін» шығармасы жазылып, оқушылардың дайындығы анықталынды. Оқушылардың орта буынға өтуде қорқыныш, мазасыздық деңгейі анықталған жоқ		
Психокоррекциялық және дамытушылық жұмыстар					
16	«Мен және менің ұжымым» Тренинг	Пед.ұжым Қазан	Жас мамандармен «Мен және менің ұжымым» тақырыбында тренинг жүргізілді Мақсаты: жас мамандардың ұжымға бейімделуі, өзін құрметтеуі, өзіндік бағалауларын анықтау. Тренинг барысына: «Өрмекші торы» жаттығуы, «Сиқырлы көл» жаттығуы, «Менің өмірім» кокология жаттығуы жүргізілді.		
17	«Менің болашағым» Арттерапия	9-11 сыныптар Қазан	Мақсаты: Жеткіншектердің өзін-өзі тануын қалыптастыру, болашаққа нақты мақсат қоя білуге және өзіне деген сенімділікті нығайтуға бағыт беру. Ойларын еркін білдіре білуге дағдыландыру. «Ойлануға арналған балықтар», «Менің таңбам» арттерапиясы, Жаттығу: «Әрі қарай не?», Қоштасу «Шеңбер бойымен қол соғу» жаттығулары жүргізілді		
18	Оқушылардың тұлғалық дамуы (тренингтер, әдістемелер, тесттер жүргізу)	үйде оқытылат. және инклюзивті оқушылармен	Әдісі: проективті әдістеме, таным процесстерін анықтау әдістемелері Мақсаты: денсаулығына байланысты үйде оқытылатын және инклюзивті бағдарламамен оқытылатын оқушылардың таным процесстерін анықтау		

		Қазан	мақсатында әр оқушымен жеке психологиялық жұмыс жүргізу. Барысы: Әр оқушының диагнозына, жасерекшелігіне байланысты жеке-жеке жұмыстар жүргізілді.
19	ББЖМ психологиялық дайындауға қорқыныш деңгейін профилактикалық Аутотренинг, медитация	4,9 сыныптар Қазан	Мақсаты: Оқушыларға эмоция мен сезім – адамның айналадағы өміршындығына тигізер әсері туралы түсінік беру және эмоциямен сезімдерді қалай басқаруға болатындығын үйрету. <i>Тренинг жоспары:</i> 1. «Эмоциялық термометр» жаттығуы 2. «Менің эмоцияларым» 3. Мини-лекция «Өз эмоцияларыңды қалай басқаруға болады?» 4. Релаксациялық жаттығу: «Менің жан-дүниемнің гүл бағы» 5. Қорытынды
20	Жеткіншектердің мазасыздық деңгейін төмендету мақсатында түзету дамыту жұмыстары / «Эмоция әлемінде» «Жасөспірім және келіспеушілік» "Бала сезімінің қыры мен сыры" Презентация, видеоролик Тренинг	5-7 -сыныптар Қазан	Мақсаты: оқушылардың қарым – қатынас деңгейін, мінез-құлық тары мен жұптағы ынтымақтастықтары, жағымды-жағымсыз көңіл – күйлері туралы анықтау Әдісі: тренинг Тренинг барысы: «Мен кімін?» жаттығуы «Мен неге келіспеушілікке барамын?» пікірлермен алмасу, рольдік ойын «Сілкіп таста» жаттығуы Жаттығу «Сарқырама». «Біз, біздің және оқушылардың құқықтары» коллективтік ойыны
22	Мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен «Сенімділік күш береді» Аутотренинг-	8-9 сыныптар Қараша	Тренингтің мақсаты: оқушылардың сенімділігін, мінез – құлық, эмоциялық сфера дағдысын психологиялық тұрғыдан қалыптастыру. 1 жаттығу Сәлемдесу 2 жаттығу «Мен саған сенімдімін» 3 жаттығу «Болашаққа бастар жол» 4-жаттығу «Жағымды ҰБТ» 5 жаттығу «Әнмен бой сергіту» 6 жаттығу «Самолет» 7 жаттығу «Менің көңіл - күйім» тест
23	«Балалар эмоциясының әлемі» Арттерапия	4 сынып Желтоқсан	4 сынып оқушыларымен «Менің көңіл – күйім» жаттығуы жүргізілді. Мақсаты: көңіл – күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге үйрету. Бұл жаттығуда оқушылар өз көңіл – күйлерін алдарындағы қағазға суреттеп салды. «Аффермация» Оқушылар «Ол жасаған іс менің де қолымнан келеді», «Мен жетістікке жете аламын», «Менің қолымнан бәрі келеді», «Мен өзіме сенімдімін» деген

			жәгерлендіру сөздерін өздері қайталап, сенімділіктерін арттырды. Қорытынды: оқушылардың көңіл –күйі жақсы, таным процесстері жақсы дамыған, эмоционалды көңіл – күйі қалыпты, өзіндік бағалаулары жоғары деңгейде екендігі анықталынды. Жалпы оқушылардың психологиялық ахуалы жақсы деңгейде
24	Оқушылардың эмоционалды ерікті, интеллектуалды қалыптасуы «Отбасы» әдістемесі Әдістеме	Үйде оқытылатын оқушылар Желтоқсан	Мақсаты: оқушылардың эмоционалды ерікті, интеллектуалды қалыптасуын анықтау Қатысқандар: 8-10 сыныптың үйде оқытылатын оқушылары Жүргізілген әдіс: «Отбасы» «Автопортрет» проективті әдістемесі
25	«Бәрі өз қолымда» "Өмір құндылығы" «Мен таңдаған өмір» Тренинг коучинг	9-11 сынып Қаңтар	Тренинг мақсаты: оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау; өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау. 1. «Мен және өмір» жаттығуы 2. «Өмір» жаттығуы 3.«Екі бақа» туралы аңыз 4. Мен кімін, жан-жақты ерекшеліктерім 5. «Би терапиясы» жаттығуы 6. «Ойланып көрейік» жаттығуы 7. «Метафора арқылы сөйлеу» жаттығуы.Өмірде кейбір жағдайларды суреттеу, ертегі, аңыз, мысал, өлең арқылы түсінуге болады. Ендігі тапсырма метафора арқылы сөйлетіндерінді білдіреді. 8. «Мен бақытты боламын» жаттығуы
26	Оқушылардың эмоционалды ерікті, интеллектуалды қалыптасуы «Менің әлемім», «Психологиялық тест 12 төртбұрыш» жааттығуы	Үйде оқытылатын оқушылар Ақпан	Мақсаты: оқушылардың тұлғалық дамуын, қалыптасуын анықтау Қатысқандар: 8-10 сыныптың үйде оқытылатын оқушылары Әдісі: «Психологиялық тест 12 төртбұрыш» Барысы: үйде оқытылатын және инклюзивті бағдарламамен оқытылатын оқушылармен жеке-жеке әдістеме жүргізілді. Қорытынды: «Психологиялық тест 12 төртбұрыш» әр оқушымен жеке жүргізілді. Әдістеме жүргізіліп, қортындылары жазылды. Оқушылардың тұлғалық дамуы жақсы, қарым - қатынасы тұрақты әр жағдайға эмоционалды әсер етеді, 12 бұрыш тестінің әр бөлігіне, салған суреттеріне байланысты интерпретация жасалынды. Жалпы оқушылардың психологиялық әдістеме жүргізілу барысында ахуалы жақсы күйде болып, қызығушылықпен орындады.
27	«Өзін-өзі сендіру» Аффермация	11 сынып Мамыр	11 сынып оқушыларының бойларына сенімділік орнату мақсатында әр түрлі әдістер негізінде, жігерлендіру ретінде психологиялық жаттығулар жүргізілді. «Ойлану қалпағы», «Трансқа кірейік», «Егер мен...», «Кедергілерді жою», «Жағымды тілек»

Психологиялық ағарту жұмыстары			
28	Ата – аналармен жұмыс 1.«Интернет және бала!» 2.«Балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу», 3. «Отбасындағы қатыгездік» Жадынама Жалпы ата-аналар жиналысы	Ата-аналарға Қыркүйек	"Балалар арасындағы суицидтік мінез құлықтың алдын алу" тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысында кеңестер берілді. Ата –аналар есіне сақтау үшін: «Балалар өмір сүруді өмірден үйренеді» Егер: - баланы үнемі сынай берсе, ол жек көруді үйренеді; - баланы мұқата берсе, ол тұйық болуды үйренеді; - баланы мақтаса ол игілікті болып үйренеді; - баланы қолдаса, ол өзін бағалауды үйренеді; - баланы жазғыра берсе, ол кінәлі болып өмір сүруге үйренеді; - бала шыдамдылықта өссе, басқаларды түсінуге тырысып үйренеді; - бала адалдықта өссе, әділетті болуға үйренеді - бала қауіпсіздікте өссе, адамдарға сенуді үйренеді; - бала қастастықта өссе, басқыншыл болып үйренеді; - бала түсіністік пен жылы шырайлы ахуалда өссе, ол осы өмірде махаббатты табуға үйренеді
29	«Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу» жасөспірім қыздарға арналған сауалнамалар	9-11 сынып қыздары Қыркүйек Қазан	8-11 сынып қыздарымен «Ерте жүктілік немен қауіпті?», «Қазіргі заман қыздарының бейнесі», «Ерте жыныстық қарым – қатынас түсудің зияндығы» тақырыбында пікір – талас және анонимді сауалнамалар жүргізілді. Мақсаты: қыздарға гигиеналық тазалық сақтау жөнінде, басқада тиімді кеңестер беру, қыздарға мектептің ішкі ережесіне орындауы, мектеп киімін қадағалауы, инабатылыққа, сыпайылыққа үйрету.
30	5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету Кеңес беру, сауалнама	5 сынып Қазан	5 сынып бойынша 23оқушы қатысты. 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында «Қобалжу шкаласы» (Кондаштың « Әлеуметті – жағдайлы қобалжу шкаласы» бойынша) әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: кіші буынан орта буынға өткен оқушылардың орта буынға психологиялық тұрғыда бейімделуі мен пәндік бейімделуін анықтау. 5 сыныптар бойынша оқушылардың орта буынға бейімделуінде жалпы орта буынға өтудегі қиындықтар жоқ, әр түрлі пәндерден, әр түрлі мұғалімдердің бергендері оларға қиындықтар

			тудырмаған. 5 сыныптарының жалпы орта буынға бейімделуі жақсы деңгейде. Қорқыныш, үрей деңгейі жоқ, қалыптасуы жақсы.
31	Сынып жетекшілерге арналған семинар «Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушыларды анықтау және «тәуекел» топқа жататын жасөспірімдерді ортаға бейімдеу жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері» Семинар	Пед ұжым Қазан	1-11 сынып жетекшілерімен «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, оның ішінде двиантты мінез-құлықтың алдын алу, жасөспірімдерді ортаға бейімдеу жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері» тақырыбында семинар өткізілді. Семинардың мақсаты: Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға, балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті және девиантты мінез-құлықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың қылмысына тосқауыл қою жүйесін дамыту проблемасын шешуге, жасөспірімдермен жұмыс ұйымдастыру проблемасын талқылауға жағдай жасау. Сынып жетекшілерге жаднама таратылып, кеңестер берілді
			
32	«Стресспен қалай күресуге болады?» Тренинг	4,9,11 сыныптар Қараша	Ч.Д.Спилберг және Ю.Л.Ханиннің әдістемесі бойынша үрей деңгейін диагностикалау, Спилбергер әдісі бойынша «Өзіндік баға берудің жеке шкаласы» тесті алынды. НСВ әдістемесі жүргізілді.
33	«Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын - алу» Коучинг	9-11 сыныптар Қараша	9-10-11 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында коучинг өткізілді, қатысқан оқушы саны: 72 Мақсаты: Аутодеструктивті мінез-құлық – адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық. Жауапты: ДТІЖО: К.Ахметов Мектеп психологы: А.Абдуait
34	Жасөспірімдердің конструктивтік қарым-қатынас тренингі Семинар тренинг	11 сынып Желтоқсан	11 сынып оқушыларымен авторлық тренинг өткізілді. "Менің сәлемдесуім" жаттығуы Ақапараттық мәлімет «Қарым-қатынас компоненттері» Жаттығу "Есімім + мен туралы ешкім білмейтін мәлімет".

			(Белсенді тыңдаушы психотехникасы негізінде) "Фразаны аяқтау" жаттығуы. (Айнадағы көрініс психотехникасы негізінде) Жаттығу" Сыпырғыш " (Белсенді тыңдаушы психотехникасы негізінде) "Мен басқалардың көзімен" ойыны» (Тең құқылық психотехникасы негізінде). Жаттығу «Мен өзіме ұқсайтын адамды шақырғым келеді» (Дербес өтініш жасау психотехникасы негізінде) Жаттығу " Сен өте жақсысың, өйткені...". "Комплимент" психотехникасы негізінде) "Үш тілектер парағы" жаттығуы. (Тең құқылық психотехникасы негізінде). Сабақтың рефлексиясы.
37	Мұғалімдердің эмоционалдық күйзелістен арылту мақсатындағы ұсыныстар Тренинг	Пед.ұжым Сәуір	Тренинг мақсаты ұстаздардың эмоционалдық күйіп кетуінің алдын алу. Тренинг барысында "Сәлемдесу", "Тұлғаның 3 типі", "Баға" жаттығулары мен "Эмоция әлемі" тақырыбында құм терапиясы өткізіліп, ұстаздарға кеңес берілді
38	Оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру «Сенімділік күш береді!» Тренинг	9-11 сынып Сәуір	Мақсаты: қатысушылар өз-өзін терең тануға, өздерінің сезімдері мен көзқарастарын түсінуге көмектесу, өзі туралы жағымды ішкі диалогты жүргізу дағдысын дамыту, өзін-өзі талдай білу қабілетін дамыту «Кім өзін басқалардан көбірек мақтайды?», «Кіші топтарда пікір талас», Ескерту бланкісі «Менің ең жақсы қасиеттерім», «Менің өзіндік құндылығымның декларациясы» жаттығулары жүргізілді.
Психологиялық алдын – алу жұмыстары			
39	1, 5, 10 сынып оқушыларының бейімделу жағдайын бақылау Кеңес беру, тренинг, сауалнама	1, 5, 10 сыныптар	Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепке, 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі мен 10 сынып оқушыларының бағдарлы оқытуын анықтау, оқушыларға психологиялық көмек және қолдау көрсету. Қатысқандар: 1 «а, ә», 5, 10 сыныптары Барысы: 1 сыныпқа келген оқушылардың мектепке бейімділігін анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларымен «Керн-Иерассик» тесті алынды, тесттің мақсаты: оқушылардың мектепке даярлығы мен бейімділігін анықтау. Бұл тесттің нәтижесі бойынша: 1 «а, ә» сынып бойынша 31 – оқушы қатысып, оның ішінде 3-6 балл жинаған 25-оқушы жоғары көрсеткіш; 7-11 балл жинаған – 6 оқушы орта көрсеткіш көрсетті. Сынып оқушыларының жалпы мектепке дайындық деңгейі жақсы. Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде; сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет

			ететін оқушылар анықталған жоқ. Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде; сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет ететін оқушылар анықталған жоқ. 5 сынып бойынша 23 оқушы қатысты. 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында «Қобалжу шкаласы» (Кондаштың «Әлеуметті – жағдайлы қобалжу шкаласы» бойынша) әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: кіші буынан орта буынға өткен оқушылардың орта буынға психологиялық тұрғыда бейімделуі мен пәндік бейімделуін анықтау. 5 сыныптар бойынша оқушылардың орта буынға бейімделуінде жалпы орта буынға өтудегі қиындықтар жоқ, әр түрлі пәндерден, әр түрлі мұғалімдердің бергендері оларға қиындықтар тудырмаған. 5 сыныптарының жалпы орта буынға бейімделуі жақсы деңгейде. Қорқыныш, үрей деңгейі жоқ, қалыптасуы жақсы. 10 сынып оқушыларынан «кәсіби бағыт – бағдарын анықтау» мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 10 сыныптарынан – 15 оқушы қатысты. 10 «а» сыныптан 23 оқушы қатысып, оның ішінде 19 оқушы жаратылыстану-математикалық ал 4 оқушы қоғамдық – гуманитарлық бағытты таңдады. Қорытынды: 1 сыныптардың жалпы мектепке бейімделуі жақсы деңгейде, 5 сынып оқушыларының орта буынға өтуінде қорқыныш, үрей деңгейі жоқ, орта буынға бейімделуі қалыпты деңгейде. 10 сынып оқушылары өздері таңдаған бағыттары бойынша білімдерін жалғастыруда.
40	Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны Жиналыс	9-11 қыздар Желтоқсан	«Мектеп оқушылары арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында ата – аналар мен қыздарға арналған тренинг сабағының өткізілді. Мақсаты: жоғары сынып қыздарының ата - аналарына жыныстық өмірдің мәні, адамның психосексуалдық ерекшеліктері жөнінде түсінік беру, өз баласының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін ұғындыру, ерте жүктіліктің және жыныстық зорлық- зомбылықтың алдын алу.
41	«Жасөспірімдер өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын мінез- құлық түрлерінің алдын алу» Тренинг	Пед.ұжым Ақпан	Тренингке жалпы 30 мұғалім қамтылды. Мақсаты: мұғалімдердің эмоция мен сезім –адамның айналадағы өмір шындығына тигізер әсері туралы түсінік беру және эмоциямен сезімдерді қалай басқаруға болатындығына бағыттау Ұстаздар өз қызметтерін аянбай, алаңсыз жүргізуіне ұшқыр ой, алғыр зейін, ашық көз, ояу көкірек екені даусыз. Сергек қимылмен, ширақ оймен, сезімтал жүрекпен адал еңбек ететін олардың зерделеріндегі ойларын түйіп алу. Ұстаздарымыздың мектебімізде алатын орны, атқаратын рөлі өз мәнінде болғандықтан ауызбіршілік тудырып, көппен жұмыс істеудің

			маңыздылығын, ерекшелігін тағы да айқындай түсу үшін ұстаздарға кеңестер беріліп, күйзеліссіз тамаша көңіл – күймен жүру, жайдарлылыққа, мейірімділікке әкелетіндігі туралы айтылды.
42	«ҰБТ бала өміріндегі маңызы» Тренинг, сауалнама	11 сынып ата-аналары	Жасөспірімнің ҰБТ-ға дайындығы кезеңінде ата-аналардың мінез-құлықтарына қатысты ата-аналарға арналған негізгі психологиялық кеңестер ұсынылды.. Ата-аналарға психологиялық көмек көрсету проблемасын психологтардың мұқият зерттегендігін айрықша атап өткім келеді. Әр ата-ананы өз баласының тағдыры толғандыратындығын барлығымыз түсінеміз. Әрбір ата-ана өз баласының өмірі жақсы болғандығын, балаларының дендері сау, бақытты болғандықтарын қалайды. Ата-аналармен жаттығулар жүргізілді. «ҰБТ ата-ана көзімен» тақырыбында постер қорғау Жағдаяттар шешу, ата – аналарға психологтар ұсынатын стратегиялар АТА-АНАЛАР ҚОЛДАУЫНЫҢ БІРІНШІ СТРАТЕГИЯСЫ: Өз балаңызға көбірек жымыңыз! Бір кездері америкалық «Кип смайлинг» (аудармасы «күлкіні ұстаңыздар!») ұраны кекесін туғызған еді. Бірақ қазір балаға түнерген бет әлпетімен айтылған сөз қаншалықты жақсы болса да, оның жанын жадыратпайтындығы барлығына мәлім. Адам жанының қақпасы – оның көздері, ал оны күлкі ашады! Сондықтан күлуді ұмытпаңыздар! Әрқашан сіздердің көздеріңізден өз балаларыңызға деген махаббат жылуы төгіліп тұратын болсын! ЕКІНШІ СТРАТЕГИЯ. Балаңызбен көбірек сөйлесіңіз! Оның барлық сұрақтарына жауап беріңіз! Оның үрейлері мен қорқыныштарын талқылаңыз! Баламен әңгімелесуге уақытыңызды аямаңыз! Өйткені тап қазір бұл оған аса мұқтаж. Бала сіздің ілтипатыңызды өмір бойы естен шығармайтындығына және ол үшін әрдайым риза болатындығына сенімді болыңыз. Ата-ана қолдауының ҮШІНШІ СТРАТЕГИЯСЫ. Балаңызды құшақтауға сараңсымаңыз! Балаңызды құшақтаңыз – физикалық байланыс тыныштандырудың сенімді құралы болып табылады; белгілі американдық отбасылық психолог Вирджиния Сатир: “Баланың жай ғана өмір сүруі үшін күніне төрт рет, ал дұрыс дамуы үшін, — он екі рет құшақтау керек”, -деп жазған. Қарасаң барлығы қарапайым нәрсе сияқты! Ал бірақ өмірде «жүгіріп», «әбігерленіп» жүріп, туған баламызды құшақтауға да үлгермей жатамыз! Ата-ана қолдауының ТӨРТІНШІ СТРАТЕГИЯСЫ. Баланың бойына дұрыс, уәждемелі, тыныштандыратын және өз-өзіне деген сенім ұялататын ата-аналық бата-тілек жасай біліңіздер! Ата-аналық бата-тілектің жақсы үлгілері: «Мен сенің барлығын жеңе алатындығыңа сенімдімін! Барлығы жақсы

			болады! Абыржыма, байсалды бол! Ұстамды бол! Сен – ақылдысың әрі күштісің! Мен сені мақтан тұтамын! Не болса да, біз сені жақсы көреміз! Сен біз үшін – ең тамашасың!».
	Психологиялық кеңес беру		
43	Тренинг «Жанұяда балаға зорлық-зомбылық болмасын!» Тренинг	Ата-аналарға	Тренинг мақсаты: ата – аналарға педагогтарға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту; зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру; адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. Қазақстандағы тұрмыстық зомбылық туралы заңды қабылдау қажеттігі туды. Зорлық зомбылық дағдарыстан шығу және даму кезіндегі еліміздегі адамзат әлеуетіне қажеттігі де туындап отырғандығын ескертеді.
44	"Мен және менің ортам" "Мен зорлық зомбылыққа қарсымын" Тренинг	5-7 сынып 8-10 сынып	7-9 сынып оқушыларымен «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында психологиялық ағарту жұмысының анықтамасы Мақсаты: ♣ Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. ♣ Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету ♣ Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. Барысы: 1. «Амандасу» жаттығуы. 2. Негізгі бөлім 3. Балалар құқығын қорғау Заңы 4. «Аяқталмаған тезистер» атты анкетаға зорлық зомбылықтың бірнеше түріне анықтама жазу 5. «Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» тақырыбында постермен жұмыс жасау, қорғау.
45	TIMSS, PIRLS, PISA оқушыларды қорытынды аттестациялауға дайындаудың педагогикалық – психологиялық жолдары Кеңес беру	Педагогтарға ата-аналарға	Ата - анаға арналған психологиялық кеңестер 1. Таңертең бала сабаққа барарда жайлап қана оятыңыз. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, жүйкесін жұқартпаңыз. 2. Егер балаңыз сабақтан кешыгетіндей болып жатса «бол да бол» деп айқайды астына алмаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлы сіз. 3. Баланы сабаққа асіресе таңертең ашкурсак түрінде жіберменіз. 4. «Бұзық болма», «кисаландамай тыныш жүр», тағы басқа ескертулерді жиі айта бермеңіз. Оның сабақтан шаршап келгенің ескертпеныз. Егер бала

			әлденеге ренжіп келсе, бірнәрсе айтпақшы болса, арнайы көңіл бөліп тыңдаңыз. 5. Есіктен кірмей жатып «бүгін қандай баға алдың» деп бас салып сурақ бермеңіз. Оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірнәрсе айтпақшы болса, арнайы көңіл бөліп тыңдаңыз. 6. Бала ашуланып жүрсе үндемеңіз. Сабасына түскен соң болған жайды өзі айтады. 7. Балаңыздың қылығы үшін мұғаліммен сөйлескенде баланы қатыстырмаңыз. 8. Мектептен келе бала сабаққа дайындалмасын, 2-3 сағат ойнап, демалсын. 9. Бір мезгілде барлық сабаққа дайындалмасын. 10. Сабаққа дайындалып жатқан баланың желкесынен төніп, дөрекі сөйлемеңіз. 11. Күнделікті баламен емін еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз. 12. Баланың көңіл-күйі нашарласа, басы ауырса бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы МҮМКІН. 13. Егер баланың көңіл - күйі нашарлап сізді тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психологпен, дәрігермен кездесіңіз. Ұлы ұстаз А.С. Макаренконь: «Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берісте, жол жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті іс қалдырмайды» деген оймен түйіндейік.
48	MSS, PIRLS, PISA, ББЖМ оқушыларға, ата- аналарға кеңес беру	4,8,9 сынып оқушылары Ақпан	«Ұмытудың пайызын азайту үшін не істеу керек? Ұзақ мерзімді есте сақтау процесін қалай жаттықтыру керек?» – дейтін болсақ, еске сақтау ережесін білуіміз қажет. 1. Ең алдымен есте ұстау керек мәліметті бөліп алу керек. 2. Барлық зейінді есте сақтауға қажетті материалға шоғырландыру қажет. 3. Қажетті материалдың ішінен негізгісін және қосымшасын бөліп алған дұрыс. 4. Күрделі, қиын материалды есте сақтау үшін мазмұнын негізге алған жөн. 5. Өздеріңіздің есте сақтау қабілеттеріңізге сенімді болыңыздар және оны үнемі жаттықтырып тұрыңыздар 6. Жүйелі түрде қайталап есте сақталған материалды қайта жаңғырту керек. 7. Тану мен қайта жаңғыртуды араластырмаңыздар. 8. Қайта жаңғырту қиын болған жағдайда сол сәттегі жағдайдың әрбір оқиғасын жекелеп еске түсіріңіздер. 9. Естеріңізде болсын жүйкеге шамадан тыс күш түсіру мен мазасыздық – еске сақтаудың ең бірінші жауы. Есте жақсы сақтау үшін денсаулық мықты болу керек.

			10. Еске сақтауды жаттықтыру барысында Зейін, Байқағыштық және Ерік процестерін ұмытпаңыздар. 11. Таңертеңгілік 8 – 12 сағ. арасында еске сақтауды жаттықтыру жұмысы жемісті нәтижені береді. Жемісті жұмыстың шарықтау шегі – кешкі 19. 00 дейін. 12. Шай мен кофе еске сақтауды белсенді етеді, ал шылым шегу еске сақтауды әлсіретеді. Еске сақтаудағы маңызды құпия – эмоционалды еске сақтау. Оқушылар жақсы көрсеткіштерге жету үшін, мұғалімдерге қойылатын ең басты міндет, оларды психологиялық жағынан дайындау: қиын сұрақтарға тосылмай, біріншіден жеңіл сұрақтарға жауап беріп, кейін сол қиын сұрақтарға көшу керек. Ең бастысы оқушыларды емтиханға тек тест арқылы емес, сонымен бірге барлық – оқу бағдарламасымен жауаптарды сезіне білуге үйрету.
49	4- сынып оқушыларының орта буынға өтуіндегі қиыншылықтармен жұмыс Кеңес беру	4 сынып Мамыр	4 сынып ата –аналарына кеңес жадынамалары таратылды. • Балаңызға өзіңіз мектепте оқығаныңыз туралы әңімелеп көңілің көтеріңіз. • Сабақ үлгерімі, тәртібі, басқалармен қарым-қатынасы туралы үнемі мұғалімдермен әңгімелесіп отырыңыз. • Сабақ үлгерімінің бағасын өзіңіздің жазалау немесе мақтаумен байланыстыр маңыз. • Өз балаңыз оқитын мектептің ерешілігін, бағдарламасын біліңіз. • Үй жұмысын орындауға көмектесіңіз, бірақ өзіңіз орындамаңыз. • Мектептен еніоқытатынына баланың қызғушылығын арттыруға көмектесіңіз. • Мектеп өмірінде өзгеріс болыпжатқанда, үйде бір қалыпты, жайбарақат атмосфера орнатуға тырысыңыз. Педагогтарға мәселелерді шешу стратегиялары ұсынылды. Психологиялық хал – жағдайы мен оқудағы қиындықтарды сезінетін оқушыларға педагогикалық көмек берудің стратегиясын құру. Белгілі бір сынып оқушыларының психологиялық – педагогикалық дәрежесінің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу құралының мазмұнын талдау. Белгілі бір сынып оқушыларының психологиялық - педагогикалық көрсеткіштерін ескере отырып, жеке тұлға аралық тілдесі стилін талдау.